

Жария шарт (оферта)

Төлемдерді қабылдау бойынша қызметтерді көрсету туралы

Жария шарт (оферта)

Осы жария шартта осы шартта белгіленген тәсілдермен Нұр-сұлтан қаласы бойынша жергілікті маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарында орналасқан Тұрақ кеңістігін пайдаланғаны үшін төлемдерді қабылдау жөнінде қызметтер көрсету туралы Шарт жасасу талаптары қамтылған.

Осы Жария шартта көрсетілген әрекеттерді жасау Пайдаланушының осы Жария шартта жазылған талаптарда, тәртіппен және көлемде Шарт жасасуға келісімін растау болып табылады.

Жария Шарттың Төменде баяндалған мәтіні Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 23-тарауына сәйкес белгісіз тұлғалар тобына арналған Шарт жасасуға ресми жария ұсыныс болып табылады.

Осы Шарттың мәтіні «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі № 296 Заңының, «Жол жүрісі туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 17 сәуірдегі № 194-V ҚРЗ Заңының, «Астана қаласының аумағында коммуналдық ақылы автотұрақтарды (паркингтерді) пайдалану қағидаларын бекіту туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 21 қазандағы № 1081875 Қаулысының, «Астанада көлік құралдарын орынтұраққа қойғаны үшін ақы алуға және олардың орынтұрақта тұрған уақытын есептеуге арналған сертификатталған арнайы құрылғылармен жабдықталған орындарда тарифті айқындау туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 22 желтоқсандағы № 108-2602 Қаулысының, Астана қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 22 маусымдағы № 108-1325 «Астанада көлік құралдарын орынтұраққа қойғаны үшін ақы алуға және олардың орынтұрақта тұрған уақытын есептеуге арналған сертификатталған арнайы құрылғылармен жабдықталған орындарды айқындау туралы» Қаулысының талаптарын ескере отырып, Нұрсұлтан қаласы әкімдігінің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес дайындалған, осы Шарт сақтау шарты болып табылмайды, ал орынтұрақ кеңістігі көлік құралдарын сақтауға арналмаған. Көлік құралдарының иелері үшінші тұлғалардың көлік тұрағында көлік құралдарына келтірген айдап әкету және зиян тәуекелдерін дербес көтереді

1. Негізгі ұғымдар мен анықтамалар

Тұрақ кеңістігі - Нұр-сұлтан қаласының жергілікті атқарушы органының коммуналдық меншігіндегі, аумақтық шекараларда орналасқан, ақылы негізде пайдаланылатын, Қазақстан Республикасының Жол жүрісі қағидаларының талаптарына сәйкес жабдықталған және жайластырылған, жалпы режимдегі және ақы төлеу шарттары бар тұрақтардың (Тұрақ орындарының) жиынтығы;

Ақылы Тұрақ (бұдан әрі – Тұрақ) – автомобиль жолының, оның ішінде бір бөлігі болып табылатын және (немесе) жүру бөлігіне және (немесе) тротуарға, жол жиегіне, эстакадаға немесе көпірге жалғасатын не көше-жол желісінің ішкі немесе көпір асты кеңістіктерінің, алаңдарының және өзге де объектілерінің бір бөлігі болып табылатын және көлік құралдарын Тұрақ кеңістігінің аумағында уақытша орналастыру мақсатында ақылы негізде ұйымдасқан тұраққа арналған, арнайы белгіленген және қажет болған кезде жайластырылған және жабдықталған орын;

Тұрақ орны – Тұрақ кеңістігінің шекарасында арнайы белгіленген және қажет болған кезде жайластырылған және жабдықталған, бір көлік құралын орналастыруға арналған орын;

Парковочный сбор (далее – сбор) – установленный нормативно-правовыми актами акимата города Нур-Султана размер обязательной платы, а также плата за услуги абонента по льготной цене за период, на который Оператор парковки предоставляет Пользователю право пользования одним или всем парковочным местом на платных парковках, расположенных на территории города Нур-Султана.

Уәкілетті орган – Нұр-сұлтан қаласы әкімдігінің құқықтық актісімен көлік тұрақтарын дамыту тұжырымдамасын әзірлеуге бағытталған іс-шараларды іске асыру жөніндегі қызметті, оларды орналастыру орындарын, машина орындарының санын қоса алғанда, жүзеге асыруға, сондай-ақ Нұр-сұлтан қаласының жергілікті маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарында орналасқан Тұрақ кеңістігін ұйымдастыруға және пайдалануға байланысты өзге де қызметті жүзеге асыруға уәкілеттік берілген мемлекеттік мекеме.

Оператор – Нұр-сұлтан қаласы әкімдігінің құқықтық актілеріне сәйкес өткізілетін конкурс қорытындысы бойынша жеңімпаз деп танылған, Нұр-сұлтан қаласының аумағында ақылы қалалық тұрақтарды құру (жайластыру), одан әрі пайдалану және басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын, оның ішінде Тұрақ кеңістігін Пайдаланушылардан (оның ішінде

корпоративтік клиенттерден) төлемдер қабылдау жөнінде қызметтер көрсететін және мемлекеттік-жекешелік әріптестік Шартының талаптарына сәйкес көрсетілген алымды Нұр-сұлтан қаласының бюджетіне аударатын заңды тұлға;

Тұрақ кеңістігін Пайдаланушы (бұдан әрі – Пайдаланушы) – кез келген ұйымдық-құқықтық нысандағы заңды тұлға (оның ішінде Корпоративтік клиент), сондай-ақ Тұрақ орнында орналасқан көлік құралының меншік иесі (иеленушісі) болып табылатын, мынадай белгілердің біріне сәйкес келетін жеке тұлға (оның ішінде жеке кәсіпкер):

- өз көлік құралын Ақылы тұраққа орналастырған,
- көлік құралын ақылы тұраққа тегін қоюға заңнамада көзделген құқығы бар,
- Резиденттік, Корпоративтік Абонемент және жеке тұлғалар үшін Абонемент ұстаушысы болып табылатын.

Пайдаланушының есептік жазбасы (аккаунт) – Пайдаланушы жасаған, Пайдаланушының Тұрақ алымын аударуды шот ашпай жүзеге асыруына арналған оператордың деректер базасындағы есептік жазба. Әрбір виртуалды Тұрақ шотына оны құру кезінде автоматты түрде виртуалды Тұрақ шотының нөміріне сәйкес келетін бірегей нөмір беріледі. Виртуалды Тұрақ шоты ақша қаражатының қалдығы туралы мәліметтерді, Тұрақ алымын төлеу үшін ақша қаражатының аударылу тарихын, сондай-ақ өзге де ақпаратты қамтиды;

Резиденттік абонемент – белгілі бір Тұрақ аймағы орналасқан ауданда тұратын жеке тұлғаларға (жеке кәсіпкерлерді қоспағанда) тиісті Тұрақ аймағында 12 (он екі) күнтізбелік ай ішінде жеңілдік бағамен Тұрақ құқығын беретін опция (ұсыну шарттары осы Офертаның 4.4-тармағында айқындалады);

Корпоративтік абонемент – Корпоративтік клиенттерге 30 күнтізбелік күн ішінде Нұр-сұлтан қаласының барлық Тұрақ аймақтарында жеңілдікті бағамен Тұрақ құқығын беретін опция (ұсыну шарттары осы Офертаның 4.5тармағында айқындалады);

Корпоративтік клиент – Корпоративтік абонемент ұсыну бойынша қызмет көрсетілетін заңды тұлға немесе жеке кәсіпкер.

Жеке тұлғаларға арналған Абонемент – жеке тұлғаларға белгілі бір уақыт ішінде бір Тұрақ аймағында не Нұр-сұлтан қаласының барлық Тұрақ аймақтарында жеңілдікті бағамен Тұрақ құқығын беретін опция (ұсыну шарттары осы Офертаның 4.6-тармағында айқындалады).

Серіктестер – Оператормен жасалған Шарттар негізінде әрекет ететін және Оператордың есептік шотына Пайдаланушылардың Тұрақ алымын беру бойынша қызметтер көрсету мақсатында Оператор тартатын тұлғалар.

Жария шартқа қосылуға өтінім және Корпоративтік абонементті рәсімдеу (бұдан әрі – Өтінім) – қызметтер үшін төлем енгізілетін көлік құралдарын көрсете отырып, Орындаушының <https://astanapark.kz> сайтында көрсетілген нысан бойынша сканерленген түрде ұсынылған, Жария шартқа қосылуға және Корпоративтік абонементті алуға ресми сұрау салу.

Сынақ тұрақ аймағы – тұрақ алаңының барлық инфрақұрылымының дұрыс жұмыс істеуін тексеруге арналған тұрақ аймағы.

Осы Жария шарттың мақсаттары үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасындағыдай ұғымдар да пайдаланылады.

2. Шарттың Мәні

2.1. Оператор осы Шартқа сәйкес Пайдаланушыдан Тұрақ жинағын қабылдауға міндеттенеді, ал Пайдаланушы өз кезегінде Тұрақ алымы шеңберінде төлемді енгізуге міндеттенеді.

2.2. Осы Шарт қосылу Шарты болып табылады және оның талаптарын Пайдаланушы Шарттың 2.3-тармағында көрсетілген іс-әрекеттерді жасау арқылы Шартқа тұтастай қосылу жолымен ғана қабылдауы мүмкін.

2.3. Пайдаланушы келесі әрекеттердің кез келгенін жасау арқылы Оператормен Шарт жасасуға келісім береді:

- көлік құралын Ақылы коммуналдық тұраққа орналастыру;
- Ақылы коммуналдық тұраққа көлік құралын орналастырғаны үшін төлемақы енгізу, тұрақ алымын аудару;
- astanapark.kz сайтында немесе «Парковки Астаны» мобильдік қосымшасында тіркелу;
- Резиденттік абонементті, Корпоративтік абонементті және жеке тұлғалар үшін Абонементті рәсімдеу;
- Корпоративтік клиенттің Өтінім беруі.

2.4. Пайдаланушының Офертаны қабылдау бойынша әрекеттерді жасауы Пайдаланушының Офертаның барлық шарттарын қандай да бір алып тастауларсыз немесе шектеулерсіз толық және сөзсіз қабылдауын білдіреді.

2.5. Оферта шарттарын қабылдаған Пайдаланушы көлік құралын Қазақстан Республикасының Жол қозғалысы қағидаларының талаптарына және осы Офертаның шарттарына сәйкес Ақылы коммуналдық тұраққа орналастыруға, сондай-ақ тұрақ Операторына осы Офертада көзделген тәртіппен және

шарттарда Ақылы коммуналдық тұраққа көлік құралын орналастыру үшін ақыны төлеуге міндеттенеді.

2.6. Осы Оферта тұрақ Операторына көлік құралдарының немесе өзге де басқа мүліктің (оның ішінде тұрақта қалдырылған көлік құралдарындағы) сақталуы үшін жауапкершілік жүктелетін талаптары бар сақтау шарты болып табылмайды және өзге де Шарттың элементтерін қамтымайды, және қамти алмайды.

2.7. Көлік құралдарын тұраққа қою, Ақылы коммуналдық тұраққа кіру және одан шығу қағидалары Қазақстан Республикасының Жол жүрісі қағидаларымен және басқа да нормативтік құжаттармен регламенттеледі. 2.8. Ақылы тұрақтарды пайдалануды және басқаруды Оператор жүзеге асырады. Ақылы тұрақтарды пайдалану және басқару ақылы тұрақтарға көлік құралдарын орналастыру құқығын беруді де қамтиды. Оператор құру (жайластыру), пайдалану және басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға Нұр-сұлтан қаласы әкімдігінің құқықтық актілеріне сәйкес жүргізілетін мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартының талаптарын ескере отырып, тұрақ алымын алушы болып табылады.

2.9. Пайдаланушы Шартқа қосылған сәттен бастап Оператор Пайдаланушының дербес деректерін жинауды, өңдеуді жүзеге асырады, сондай-ақ оператордың сайтында орналастырылған Пайдаланушының дербес деректерін жинауға, өңдеуге және қорғауға қатысты Оператордың саясатында көзделген өзге де әрекеттерді жүзеге асырады. Пайдаланушы осы Шартқа қосыла отырып, өз келісімін білдіреді және Оператордың дербес деректерді жинау, өңдеу, сондай-ақ Пайдаланушылардың дербес деректерін жинауға, өңдеуге және қорғауға қатысты Оператордың саясатында көзделген өзге де әрекеттерді жүзеге асыру үшін үшінші тұлғаларды, оның ішінде серіктестерді тартуға құқылы екендігіне қарсы емес.

Дербес деректерді жинауға және өңдеуге Пайдаланушының келісімін кері қайтарып алу Пайдаланушының өтініші бойынша жүргізіледі. Қызмет көрсету мүмкіндігі Операторда Абоненттің дербес деректерінің болуына байланысты және келісім кері қайтарылған жағдайда Қызмет көрсету тоқтатылады.

3. Тараптадың құқықтары мен міндеттері

3.1. Оператордың құқықтары мен міндеттері:

3.1.1. Нұр-сұлтан қаласы әкімдігінің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес Оператор Пайдаланушыдан тұрақ алымын қабылдауға міндетті, ол

Пайдаланушыға автомобильді Ақылы қалалық тұраққа орналастыру құқығын береді.

3.1.2. Оператор тұрақ алымын алу тәртібі және Ақылы тұрақ орындарының тізбесі туралы толық және дұрыс ақпаратты орналастырады. Ақпарат қазақ және орыс тілдерінде ұсынылады және Ақылы қалалық тұрақ аймақтарында (Тұрақ кеңістігі аумағында), сондай-ақ Интернет ақпараттықтелекоммуникациялық желісінде <https://astanapark.kz> мекенжайы бойынша

Оператордың сайтында Пайдаланушының назарына жеткізіледі.

3.1.3. Көлік құралдарын тұраққа қою, тұраққа кіру және одан шығу Қағидалары Қазақстан Республикасының Жол жүрісі қағидаларымен және басқа да нормативтік құжаттармен регламенттеледі.

3.1.4. Оператордың Пайдаланушымен осы шартты жасасудан бас тартуына жол берілмейді.

3.1.5. Қазақстан Республикасының заңдарында және өзге де нормативтік құқықтық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Оператор бір Пайдаланушыға басқа Пайдаланушылар алдында шарт жасасуға қатысты артықшылық көрсетуге құқылы емес.

3.1.6. Оператор пайдаланушылардан тұрақ алымын төлегені үшін комиссиялық сыйақы алмайды.

3.1.6.1. Оператор Тұрақ алымын төлеу кезінде серіктестерде (ұялы байланыс операторлары, төлем сервистері, банктер) комиссияның болмауына кепілдік бермейді.

3.1.7. Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарының орындалуын бақылау және туындайтын дауларды реттеу мақсатында Оператор тұрақ орнында қалдырылған көлік құралдарының мемлекеттік тіркеу нөмірлері, тұрақ пайдаланылатын уақыт пен орын туралы деректерді жинауды, сақтауды және пайдалануды, сондай-ақ құқық бұзушылықтар, оның ішінде, бірақ осымен ғана шектелмей, Жол қозғалысы ережелері мен Нұр-сұлтан қаласы әкімдігінің нормативтік құқықтық актілерін бұзу анықталған жағдайда уәкілетті мемлекеттік органдарға осы ақпаратты беруді қамтитын тұрақ пайдалану фактілерін тіркеуді жүзеге асырады.

3.1.8. Оператор Ақылы қалалық тұрақтарды басқару жөніндегі жүйенің жұмысын қамтамасыз етеді және Тұрақ алымдарын қабылдайды. 3.1.9. Жүйе операторының дербес деректерді өңдеуі «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы N 94-V Заңына сәйкес жүргізіледі.

3.1.10. Оператор тұрақ аумағында орналасқан көлік құралдарын күзетуді жүзеге асырмайды, көлік құралының, онда орнатылған жабдықтың және

қалдырылған заттардың сақталуына жауап бермейді. 3.1.11. Оператор тұрақ алымын қабылдайды және тұрақ орнын пайдалану мүмкіндігінің нақты болуы немесе болмауы үшін жауапты болмайды.

3.1.12. Оператор осы Шарттың 2.1-тармағына сәйкес Пайдаланушының алдында тек тұрақ алымын қабылдау жөніндегі қызметтер үшін жауапты болады.

3.1.13 Оператор Тұрақ алымын төлеу кезінде есеп айырысуға қатысатын үшінші тұлғалардың әрекеттері үшін жауапты болмайды. 3.1.14. Оператор тұрақ ақысын төлеу кезінде есеп айырысуға қатысатын үшінші тұлғалардың әрекеттері үшін жауапты болмайды.

3.1.15 Пайдаланушы ұйымның жауапкершілік аймағындағы жүйенің жекелеген элементтерінің жұмысындағы қателер немесе іркілістер жағдайларын қоспағанда, Оператор ақылы тұрақ жүйесін қандай да бір пайдаланудың немесе пайдалану мүмкін еместігінің қандай да бір тікелей немесе жанама салдарлары және/немесе Пайдаланушыға және/немесе үшінші тараптарға ақылы тұрақ жүйесін немесе оның жекелеген компоненттерін және/немесе функцияларын қандай да бір пайдаланудың, пайдаланбаудың немесе пайдалану мүмкін еместігінің нәтижесінде келтірілген залалдар үшін жауапты болмайды.

3.1.16 Оператор деректердің дұрыс енгізілуіне және Пайдаланушының басқа да іс-әрекеттеріне, сондай-ақ есептеуге қатысушылар (банктер, ұялы байланыс операторлары, төлем агенттері, Серіктестер және т.б.) арасындағы транзакциялардың дұрыс жүзеге асырылуына жауапты болмайды. Оператордың тұрақ алымын жинау бойынша қызмет көрсетуі үшін ұтқыр байланыстың және Интернет желісіне қолжетімділіктің болуы қажет. Ұялы байланыс болмаған кезде немесе басқа техникалық проблемалар туындаған кезде басқа төлем әдістерін қолдану керек.

3.1.17 Пайдаланушы ұйым көлік құралы рұқсат етілмеген жерде тұрған жағдайда мемлекеттік органдарының оны эвакуациялау мүмкіндігі үшін жауапты болмайды.

3.2. Пайдаланушының құқықтары мен міндеттері:

3.2.1. Тұрақ кеңістігін Пайдаланушы 88000802888 нөмірі бойынша Оператордың байланыс орталығына жүгіну жолымен және/немесе Оператордың сайтында тұрақ алымын енгізу тәртібі мен тәсілдері, ақылы негізде тұрақ пайдалану құқығы үшін Тұрақ алымының мөлшері, тұрақ алымын пайдалану қағидалары туралы ақпаратпен танысуға құқылы.

3.2.1.1. Корпоративтік Клиентті қоспағанда, тұрақ кеңістігін Пайдаланушы өз қалауы бойынша Тұрақ алымын төлеу тәсілін, оның ішінде виртуалды тұрақ шотын толықтыру арқылы таңдауға құқылы:

Қолма-қол тәсілмен:

- төлем терминалдары арқылы (шотты төлеу және толтыру мүмкін);
 - тұрақ автоматы арқылы. Ақшасыз тәсілмен:
 - тұрақ автоматы арқылы;
 - ұялы телефон көмегімен арнайы нөмірге қысқа мәтіндік хабарлама (СМС) жіберу арқылы (тек төлем жасауға болады);
 - мобильді қосымшаның көмегімен (шотты төлеу және толтыру мүмкін);
- Пайдаланушының есептік жазбасын пайдаланған кезде (төлем және шотты толтыру мүмкін);
- осы Шартта көзделген өзге де тәсілдермен жүзеге асырылады.
- ### 3.2.2. Нұр-сұлтан қаласы әкімдігінің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес Пайдаланушы:

- Қазақстан Республикасының Жол қозғалысы ережелерінің талаптарын сақтауға;
 - ақылы автотұрақтарды пайдалану кезінде Нұр-сұлтан қаласы әкімдігінің нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын сақтауға;
 - ақылы тұрақты пайдаланған кезде көлік құралының тұрақ орнында нақты болу уақытын ескере отырып, белгіленген мөлшерде тұрақ алымын төлеуге;
 - тұрақ алымын төлеу туралы құжатты сақтауға;
 - жүйе Операторына оның мүлкіне келтірілген залалды өтеуге міндетті.
- ### 3.2.3. Нұр-сұлтан қаласы әкімдігінің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес Пайдаланушыға:

- 1) тұрақ үшін төлеуден жалтаруына;
- 2) көлік құралдарының мүгедектердің көлік құралдарының аялдауы немесе тұрағы үшін бөлінген орындарда растайтын рұқсаттарсыз не қолданылу мерзімі өткен рұқсатты көрсете отырып, немесе егер оның иесі осы көлік құралының иесі болып табылмаса, аялдауына немесе тоқтап тұруына;
- 3) көлік құралдарының такси қызметтерінің аялдауы немесе тұрағы үшін бөлінген орындарда растайтын рұқсаттарсыз не қолданылу мерзімі өткен рұқсатты ұсына отырып аялдауына немесе тоқтап тұруына;
- 4) көлік құралдарының жаяужолда, жиектаста аялдауына немесе тоқтап тұруына;
- 5) көлік құралын оқылмайтын, стандартты емес немесе мемлекеттік стандарт талаптарын бұза отырып орнатылған мемлекеттік тіркеу белгілерімен, мемлекеттік тіркеу белгілерінсіз, сол сияқты көлік құралының осы үшін көзделген орындарында орнатылған мемлекеттік тіркеу белгілерінсіз, сондай-ақ оларды сәйкестендіруге кедергі келтіретін немесе қиындататын материалдарды қолдана отырып жабдықталған мемлекеттік тіркеу белгілерімен қалдыруына;

- 6) көлемі (салмағы және/немесе биіктігі және/немесе ұзындығы) коммуналдық ақылы автомобиль қоятын автотұрақтың (паркингтің) тұрақ орындарының мөлшерінен асатын көлік құралдарының тоқтап тұруына; 7) жол белгілерімен немесе таңбалармен ұйғарылған талаптарды сақтамауына;
 - 8) көлік құралының тұрақ орындарынан тыс жерде 5 (бес) минуттан астам уақытқа тұруына;
 - 9) көлік құралдарының жүріп-тұруына кедергі келтіретін ақылы коммуналдық тұрақтардың (паркингтердің) аумағында аялдауына немесе тоқтап тұруына және қозғалысына;
 - 10) Пайдаланушының жеңілдікті тұраққа құқығын растайтын құжатты көрсетпестен не қолданылу мерзімі өткен жеңілдікті тұраққа құқығын растайтын құжатты көрсете отырып немесе иесі осы көлік құралының иесі болып табылмайтын тұлға болып табылатын Пайдаланушының тоқтап тұруына;
 - 11) жөндеу жұмыстарын жүргізуді көрсететін жол таңбаларының/жол белгілерінің артында тұруына;
 - 12) коммуналдық ақылы тұрақ (паркинг) аумағын толассыз қозғалыс үшін пайдалануына; 13) басып озу үшін;
 - 14) уәкілетті органның шешімі бойынша коммуналдық ақылы тұрақтардың (паркингтердің) жұмысы уақытша тоқтатылған жағдайларда аялдауына немесе тоқтап тұруына;
 - 15) темекі, алкоголь және есірткі өнімдерін пайдалануына; 16) аумақты ластауға, оның ішінде қалдықтардың шығарылуына және қоғамдық тәртіппен жеке тұлғалардың тыныштығын бұзатын басқа да осындай әрекеттерге; 17) ақылы тұрақ, автотұрақ (паркинг) жабдығын бүлдіруіне; 18) жол таңбалары мен жол белгілері жабынын бүлдіруіне тыйым салынады.
- 3.2.4. Тұрақ кеңістігін Пайдаланушысының көлік құралының тұрақ орнында нақты болу уақытын ескере отырып, белгіленген мөлшерде тұрақ ақысын пайдаланғаны үшін тұрақ алымын төлеу жөніндегі міндеттерді бұзуы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексында көзделген әкімшілік айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Тұрақ алымының құны және оны төлеу тәртібі

4.1. Тұрақ алымының құны мен төлеу тәртібі Астана қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 22 желтоқсандағы № 108-2602 «Астанада көлік құралдарын

орынтұраққа қойғаны үшін ақы алуға және олардың орынтұрақта тұрған уақытын есептеуге арналған сертификатталған арнайы құрылғылармен жабдықталған орындарда тарифті айқындау туралы» қаулысымен белгіленген.

4.2. Астана қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 21 қазандағы № 108-1875 «Астана қаласының аумағында коммуналдық ақылы тұрақтарды (паркингтерді) пайдалану қағидаларын бекіту туралы» Қаулысына сәйкес ақылы тұрақты (тұрақ орнын) пайдалану құқығы үшін алымнан босатылады:

- 1) тиісті тану белгілері, түрлі-түсті графикалық бояуы және жазбалары бар шұғыл жедел қызметтердің (жедел медициналық көмектің, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскери полициясының, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің) көлік құралдары;
 - 2) «Алтын қыран» және «Халық қаһарманы» ордендерімен марапатталған адамдарға тіркелген көлік құралдары;
 - 3) мүгедектердің көлік құралдарын орналастыру орындарында бала кезінен мүгедектер және осы көлік құралдарын тікелей басқаратын не олардың ішінде орналасқан I және II топтағы мүгедектерге тіркелген көлік құралдары (оның ішінде мүгедектердің арнайы көлік құралдары), сондай-ақ тиісті жол белгілерімен немесе таңбалармен белгіленген, мүгедек баланың заңды өкілдеріне тіркелген көлік құралдары (оның ішінде мүгедектердің арнайы көлік құралдары);
 - 4) тікелей осы көлік құралдарын басқаратын не осы көлік құралдары ішінде орналасқан Ұлы Отан соғысына қатысушыларға, майдандағы армияның құрамына кірген әскери бөлімдерде, штабтар мен мекемелерде қызмет өткерген әскери қызметшілерге, сондай-ақ ұрыс қимылдарының ардагерлеріне тіркелген көлік құралдары;
 - 5) тікелей басқаратын не осы көлік құралдарында орналасқан, «Алтын алқа» және «Күміс алқа» алқаларымен наградталған немесе бұрын «Батыр Ана» атағын алған, сондай-ақ I, II және III дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталған, көп балалы аналарға тіркелген көлік құралдары;
 - 6) Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен адамдарға тіркелген көлік құралдары;
 - 7) әскери қызметтен шығарылған немесе әскери жиындарға шақырылған, Ауғанстанда және ұрыс қимылдары жүргізілген басқа да елдерде интернационалдық борышын орындаған, тікелей осы көлік құралдарын басқаратын не олардағы азаматтарға тіркелген көлік құралдары жатады.
- 4.3. Пайдаланушы «Астана қаласының аумағында коммуналдық ақылы тұрақтарды (паркингтерді) пайдалану қағидаларын бекіту туралы» Астана

қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 21 қазандағы № 108-1875 Қаулысына сәйкес тұрақ алымын енгізуді жүзеге асырады.

4.4. Көлік құралының меншік иелері болып табылатын, тіркелген және жабдықталған ақылы тұраққа тікелей іргелес жатқан жақын маңдағы үйлерде тұратын жеке тұлғалар (жеке кәсіпкерлерді қоспағанда) тұрақ Операторы ұсынатын Резиденттік абонементті рәсімдей отырып, Резиденттік келісім жасасуға құқылы. Резиденттік абонементті рәсімдеуге арналған Резиденттік келісімнің шарттары, құжаттар тізбесі, құны және нұсқаулық astanapark.kz сайтында «**Резиденттік**» бөлімінде көрсетілген.

4.5. Корпоративтік клиент Нұр-сұлтан қаласының барлық тұрақ аймақтарында 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде әрекет ететін Корпоративтік абонементті жеңілдікті бағамен және astanapark.kz сайтында

«Абонементтер» бөлімінде көрсетілген шарттармен сатып алуға құқылы 4.6. Пайдаланушы жеке тұлғалар үшін 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Нұрсұлтан қаласының барлық тұрақ аймақтарында не белгілі бір тұрақ аймағында әрекет ететін абонементті жеңілдікті бағамен және astanapark.kz сайтында «Абонементтер» бөлімінде көрсетілген шарттармен сатып алуға құқылы

4.7. Халықтың арнайы топтары Оператордың сайтында «Жеңілдіктер» бөлімінде көрсетілген шарттарға сәйкес жеңілдіктер алу үшін өтініш беруге міндетті.

4.8. Пайдаланушылар Оператордың веб-сайтында көрсетілген сынақ тұрақ аймақтарын пайдаланғаны үшін төлем жасаған жағдайда, пайдаланушылардың қаражаты төлем жасалған күннен бастап 1 (бір) күнтізбелік жыл ішінде осындай пайдаланушылардың есептік жазбаларына (аккаунттарына) қайтарылады.

5. Шарттың қолданылу мерзімі және өзге де талаптары.

5.1. Шарт Пайдаланушы қосылу талаптарына сәйкес осы Шарттың 2бөлімінде көзделген іс-әрекеттерді жасаған сәттен бастап жасалған болып есептеледі және күшіне енеді және тараптар өз міндеттемелерін орындап болған сәтке дейін әрекет етеді.

5.2. Пайдаланушы Шарт талаптарының өзгерістері туралы Интернет ақпараттық-телекоммуникациялық желісінде жүйе Операторының <https://astanapark.kz> мекенжай бойынша сайтында жарияланған тиісті ақпарат арқылы хабардар етіледі. Мұндай өзгерістерді жүйе Операторы біржақты тәртіппен, оның ішінде Шарттың 4.1-тармағында көрсетілген Нұр-сұлтан

қаласы әкімдігінің нормативтік-құқықтық актілеріне өзгерістер енгізілген жағдайда да қабылдауға құқылы.